



QAZAQ

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

UNIVERSITETI



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№42 (1908) 13 ҚАРАША 2023 ЖЫЛ

Мемлекет басшысы ҚазҰУ ректорын қабылдады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевты қабылдады.

Кездесуде жоғары оқу орнының басшысы Президентке биыл университетте атқарылған жұмыстардың нәтижелерін баяндады. Сондай-ақ 2024 жылы 90 жылдығын атап өтетін білім ордасының

стратегиялық даму жоспарын таныстырды.

ҚазҰУ-ға 2023-2024 оқу жылында 10 719 талапкер қабылданды. Бұл – білім ордасы тарихында бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіш. Қазіргі таңда 625 білім беру бағдарламасы бекітілген. Оның ішінде 120 мамандық бойынша Еуропа, АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азия, Ресей университеттерімен қос диплом бағдарламасы жүзеге асырылады.

ҚазҰУ ғалымдары жақын-

да бағдарламалық нысаналы қаржыландыру байқауында 3,8 млрд теңгенің мегагрантын ұтып алды. Ауқымды жоба Батыс Қазақстан өңірінің тұрақты экологиялық-әлеуметтік-экономикалық дамуы мен су ресурстарын ұтымды пайдалануға арналған маңызды міндеттерді шешуге бағытталған. Жалпы, қазіргі сәтте университетте жалпы құны 8,1 млрд теңге болатын 400 ғылыми жоба іске асырылуда.

Жалғасы 2-бетте

Әлемдік экономика мәселелері талқыланды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Экономиканы декарбонизациялаудың жаңа жолы (KZGT-2023)» тақырыбында I халықаралық ғылыми конференция басталды.

өткен іс-шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Санкт-Петербург политехникалық университеті бірлесіп ұйымдастырды.

Мақсат – экономика және энергетика салаларындағы өзекті мәселелерді талқылап, оң шешімін табу.

Тұрақты даму мақсаттарының 13-бағыты бойынша

Жалғасы 2-бетте

QS Asia University Rankings халықаралық рейтингінің қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 856 қатысушы ЖОО арасында 29-орынға ие болды.

Малайзия астанасы Куала-Лумпур қаласында 2023 жылғы 7-9 қараша аралығында Азия-Тынық мұхиты аймағында жоғары білім беру мәселелері бойынша QS саммитін өткізу кезінде биыл Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне QS Asia University Rankings халықаралық рейтингінің сертификатын тапсыру салтанатты рәсімі өтті. Саммит жұмысына Азия-Тынық мұхиты,



Азия және Орталық Азияның жетекші жоғары оқу орында-



рынан 500-ден астам ғалым қатысты.

Жоғары оқу орнының басшылығы мен ұжымын құттық-

тай отырып, QS рейтингтік агенттігінің өңірлік директоры Сергей Христоролюбов университеттің жоғары көсібі командасының үйлесімді жұмысының арқасында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тағы бір биік белесті бағындырғанын атап өтті. QS өкілі университет ұжымына рейтингтерде жаңа табыстарға жетіп, жандық бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықаралық аренада танылуда үлкен мақсаттар мен ауқымды жоспарларды тиімді іске асыра беруіне тілектестігін білдірді.




Ресей академиктерімен кездесу

3 >>



Ғалым, педагог және халықаралық сарапшы

4 >>



«Бәрі де майдан» повесіндегі замандастар бейнесі

5 >>

Мемлекет басшысы ҚазҰУ ректорын қабылдады



Соңы.
Басы 1-бетте

Биыл ҚазҰУ жанынан Ми институты құрылды. Елімізде алғаш рет аталған нейроғылым орталығында миға іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізілетін болады.

Қазақстан Президентінің мамыр айындағы Қытай Халық Республикасына ресми сапары аясында ҚазҰУ-да Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ашу жөнінде келісімге қол қойылды. Нәтижесінде 12 қазан күні университет базасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы өз жұмысын бастады. Сондай-ақ «Бір белдеу – бір жол» бастамасының 10 жылдығына орай, Қытай-Орталық Азия жоғары оқу орнының ынтымақтастық форумы өтті.

ҚазҰУ 130 миллион теңгеден астам қаржыға БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға бағытталған (ТДМ) сапалы білім – (4 ТДМ), гендерлік теңдік (ТДМ-5) көрсеткіші бойынша ЮНИСЕФ білім беру бағдарламасын сәтті жүзеге асырды. Осы бағдарлама аясында Орталық Азияның үш елінен 200-ден астам қыз наноспутниктерді дамыту курстарынан өтті. 2000-нан астам қатысушы онлайн курстарға қатысты. Сондай-ақ ҚазҰУ-дың 6 білім беру наноспутнигі атмосфераның жоғарғы қабатына ұшырылды.

2024-2027 жыл аралығында ҚазҰУ құрылысының II кезеңі іске асырылады. Қалашықта 8 оқу корпусы, технопарк және 12 жатақ-

хана салу жоспарлануда. Ол үшін республикалық бюджеттен 39,98 млрд теңге мемлекеттік инвестиция бөлінбек. 2024 жылы 3180 орындық 3 жатақхана құрылысы басталады.

Қазіргі сәтте ҚазҰУ жанынан өнеркәсіптік робототехника және роботтандыру саласындағы инженерлік шешімдер орталығы салынууда. Жоба Tech Garden «Инновациялық технологиялар паркі» автономды кластерлік қорымен бірлесіп қолға алынады.

Инженерлік шешімдер орталығын Орталық Азиядағы бірінші Индустрия 4.0 модельдік фабрикасы ретінде қарастыруға болады. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі және Дүниежүзілік банктің «Өнімді инновацияларды ынталандыру» гранттық бағдарламасы негізінде қаржыландырылады. Бұған қоса, ҚазҰУ-да суперкомпьютермен қамтамасыз ету жөніндегі үкіметаралық жоба жүзеге асырылады. Қазір ҚХР-да тендер өтуде, жеңімпаз компания суперкомпьютерді жеткізумен айналысады. ҚазҰУ оларды орнату үшін инфрақұрылым дайындап отыр.

Кездесу соңында Президент білім ордасында жоғары білікті мамандар даярлау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың маңыздылығын атап өтіп, білім сапасын жақсарту, еліміздің дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыру және университет қалашығын жаңғырту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Соңы. Басы 1-бетте

Пленарлық отырысқа Қырғыз Республикасының экс-президенті, Ресей Ғылым академиясының академигі,

Бүгін біз өз заманымыздың ең маңызды және өзекті тақырыптарының бірі – экономиканы декарбонизациялау жолдарын талқылау үшін жиналды. Көптеген жылдар

да саммитті Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткізуге оқу ордасының мол мүмкіндігі бар деп ойлаймын. Менің ойымша, бұл тарихи оқиға болар еді. Үшіншісі – Қазақстанда ОАӨ

Әлемдік экономика мәселелері талқыланды



М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Асқар Ақаев, PFA Мұхиттану институтының ғылыми жетекшісі, физика-математика ғылымдарының докторы Роберт Нигматулин, профессор, э.ғ.д. Борис Порфирьев, PFA коррес-

бойы адамзат климаттың өзгеруіне байланысты қиындықтарға тап болды. Бұл қиындықтар тек назар аударуды ғана емес, сонымен қатар нақты әрекеттерді де қажет етеді. Парниктік газдар шығарындыларын азайту және тұрақты экономикаға көшу мақсаты

елдері үшін энергия көздерін өткізу бойынша әріптестік бағдарламасын іске қосу», – деп атап өтті.

Сондай-ақ жиында шетелден келген қонақтар өз тәжірибелерімен, ойларымен бөлісіп, экономика және энергетика салаларындағы өзекті мәселелерді қозғап, ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Мәселен, PFA Мұхиттану институтының ғылыми жетекшісі Роберт Нигматулин климаттың өзгеруіне мұхиттардың әсері бар екенін атап өтті. Ғалымның айтуынша, жауын-шашынның аз болуы, мұхит деңгейінің көтерілуі, мұздықтардың еруі ауа райының құбылуына көп әсер етуде. Сондықтан өз сөзінде Роберт Нигматулин аталған проблемаларды бүкіл ел болып шешу қажет екеніне назар аударды.

Конференция барысында тұрақты даму бағыттары бойынша өмір сүру сапасын жақсарту, адам денсаулығын нығайту, энергияны үнемдеу, тиімді институттар құру, технологияларды жетілдіру, экологияны сақ-



понтент-мүшесі, экономика ғылымының докторы Александр Широков, PFA Сібір бөлімшесі Көмір институтының директоры, профессор Владимир Клишин, Әлеуметтік ғылымдарды зерттеу жоғары мектебінің директоры Сапир Жак, Лиссабондағы Атлантикалық университетінің профессоры Тесселано Кампос, ҰҒА академигі Николай Буктуков, экономика ғылымының докторы Болат Құсайынов, қазақстандық және шетелдік ғалымдар, білікті сарапшылар, университеттің оқытушы-профессорлары мен білім алушы жастары қатысты.

Конференцияда Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев баяндама жасап, бүгінгі шараның маңыздылығына тоқталды.

«Экономика – кез келген мемлекеттің қозғаушы күші. Экономика ғылым мен өндіріс байланысы арқылы дамиды. Әлемде экономика, энергетика саласындағы мамандарға сұраныс артуда. Біз ғылымға басымдық бере отырып, әр салаға білікті маман даярлап, жаңа инновациялық шешімдерді іске асыруымыз керек.

маңызды бола бастады. Бұл процесте инновация мен технология шешуші рөл атқарады», – деді ректор.

Өз кезегінде академик Асқар Ақаев: «Бүгінгі іс-шара Қазақстан Президентінің үш бастамасын іске асыру



тұрғысынан аса маңызды рөл атқарады. Конференция жұмысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тарихи бастамаларын қолдауға бағытталған. Біріншісі – Қазақстанда Орталық Азия елдері үшін БҰҰ ТДМ бойынша өңірлік хаб құру. Екіншісі – 2026 жылы Алматыда БҰҰ қамқорлығымен ОАӨ елдері үшін жобалық кеңсе құра отырып, өңірлік климаттық саммит өткізу. Осы тұрғы-

тау, энергетика саласындағы инклюзивті өсу мен энергияны тұтыну, энергетикалық ауысу және цифрлық трансформация мәселелері талқыланды. Сонымен қатар қалдықсыз көмір технологиялары, сутегі мен атом энергетикасының дамуы, көлік қозғалғыштығы және климаттың өзгеру тақырыптары да қозғалды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Ресей академиктерімен кездесу

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ресей Ғылым академиясының академигі, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры Асқар Ақаев пен Ресей Ғылым академиясының академигі, РҒА Мұхиттану институтының ғылыми жетекшісі, физика-математика ғылымдарының докторы Роберт Нигматулин механика-математика факультетінің ғалымдарымен, оқытушыларымен және студенттерімен кездесті.



олардың дәрістерін тыңдау біздің студенттер үшін мақтанш және үлкен мүмкіндік. Асқар Ақаев пен Роберт Нигматулин әлемдік деңгейдегі ірі ғалымдар. Бүгінгі кездесу көрші мемлекет арасындағы ғылым мен білім саласын ілгерілетуге және ғылыми байланысты жан-жақты дамытуға ықпал ететініне сенімдімін», – деді ректор.

Ғалымдар оқытушылар мен студенттерге тұрақты даму, жаһандық жылыну мен климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласындағы жобаларын таныстырып, бүгінде бүкіл әлем ғалымдарының алдында тұрған өзекті мәселелер мен сынтегеуріндерге тоқталды. Сонымен қатар құрметті қонақтар өздерінің ғылым саласындағы қызықты оқиғаларымен және естеліктерімен бөлісті.

Кездесу ашық диалог форматында өтті. Пікірталас барысында қатысушылар ғалымдарға сұрақтарын қойып, мазмұнды жауап алды.

Жүздесуден соң Асқар Ақаев пен Роберт Нигматулин ҚазҰУ қалашығын аралап, Процестік инновациялар орталығының, химия және химиялық технология, физика-техникалық факультеттерінің жұмысымен танысты.

Кездесуде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев танымал ғалымдардың еңбегі мен ғылымға қосқан ерекше үлесін атап өтті.

«Ғылым саласындағы атақты ғалымдармен жүздесіп,

Құрметті қонақтар алдымен механика-математика факультетінің қызметімен танысып, сұйықтық және газ зертханасын аралап көрді. Кейін академиктер факультет ұжымымен кездесті.

Тұрақты даму мақсаттарының 13-ші және 15-ші бағыты бойынша өткен шараның мақсаты – энергетика, экология, экономика салаларындағы өзекті проблемаларды талқылау, ғылыми тәжірибе алмасу.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Экономиканы декарбонизациялаудың жаңа жолы (KZGT-2023)» тақырыбындағы I халықаралық ғылыми конференцияға қатысуға арнайы келген Санкт-Петербург политехникалық университетінің өкілдерімен және РҒА академиктерімен шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Тараптар серіктестікті нығайтуға уағдаласты



Делегация құрамында РҒА Мұхиттану институтының ғылыми жетекшісі, физика-математика ғылымдарының докторы Роберт Нигматулин, «Энергетикалық ауысудың технологиялық және экономикалық мәселелері бойынша пән аралық зерттеулер және білім беру (CIRETEC-GT)» зертханасының меңгерушісі Игорь Ильин, РҒА Ұлттық шаруашылық болжау институтының зертхана меңгерушісі Юрий Шербанин және т.б. ғалымдар бар.

Тараптар серіктестікті нығайтуға, білім мен ғылым саласындағы байланыстарды тереңдетуге баса мән бере отырып, екі университет арасындағы қарым-қатынастың қазіргі жайкүйі мен даму перспективасын жан-жақты талқылады.

Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ мен Санкт-Петербург политехникалық университетінің еріптестік байланыстары бүгінде жаңа бағытта дамып отырғанын атап өтті.

Өз кезегінде Игорь Ильин экономика және энергетика саласындағы өзекті мәселелер талқыланған конференцияны сәтті өткізген ҚазҰУ басшылығы мен ұжымына алғыс айтып, Қазақстан мен Ресей ЖОО-лары арасындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту қажет екенін айтты.

Тараптар кездесу соңында алдағы уақытта жүзеге асырылатын жобалар мен бастамаларды саралап, ғылым, білімді дамытуға қатысты ортақ мәселелерді талқылады.

Даруссалам Гонтор университеті делегациясы келді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Индонезиядағы Даруссалам Гонтор университетінің ректоры Фахми Хамид бастаған делегация жұмыс сапарымен келіп, оқу ордасының басшылығымен кездесу өткізді.



лім беру кеңістігінде бай тәжірибесі барын атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен, институттарымен және ғылыми орталықтарымен байланыс орнатқан. Солардың қатарында Индонезия ЖОО-лары да бар. ҚазҰУ Даруссалам Гонтор университетімен тығыз жұмыс істеп келеді.

Алдағы уақытта ғылыми бағытта бірлесіп жұмыс істеуіміз қажет. Өз тарапымыздан серіктестікті дамытуға бағытталған барлық бастамаларды жүзеге асыруда бар күш-жігерімізді саламыз», – деді ректор.

Өз кезегінде Фахми Хамид ҚазҰУ басшысына ілтипат білдіргені үшін алғысын айтып,

бірқатар ұсынысын жеткізді.

«ҚазҰУ мен Даруссалам Гонтор университеті арасында мәдени, білім және ғылым бағытында серіктестікті дамыту жұмыстарын жандандыру қажет деп санаймын. Сонымен қатар бакалавриат және докторантурада қосдипломды білім беру бағдарламасын жүзеге

асыру жұмыстарын дамытсақ, екі жоғары оқу орны үшін үлкен мүмкіндік пен жақсы бастама болары анық», – деді Фахми Хамид.

Жүздесу барысында ректорлар аталған ұсыныстарды жүйелі түрде жүзеге асыруға уағдаласты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география және табиғатты пайдалану факультетінің География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының профессоры, география ғылымының докторы Шерипжан Надыров 75 жасқа толды.

әлеуметтік география кафедрасымен байланысты. Бұл жерде 1997 жылдан бері сабақ бере отырып, аға оқытушы қызметінен бастап, кафедра профессоры, Экономикалық және әлеуметтік география

Ғалым, педагог және халықаралық сарапшы

Шерипжан Марупұлы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетін 1971 жылы «География-биология» мамандығы бойынша өте жақсы деген үлгеріммен бітіріп шығады. 1971-85 жылдар аралығында Қазақ КСР Ғылым академиясының география секторында кіші ғылыми қызметкер атанып, осы уақыттарда ол «Шығыс Қазақстанның өндіргіш күштері» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. «Ертіс-Қарағанды каналының құрылысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай» және «Қазақстан мен Орта Азиядағы Сібір өзендері салалары бөліктерінің әлеуметтік-экономикалық мәселелері» тақырыбында жұмыс істей отырып, 1977-80 жылдары осы академияның География институтында аспирантураны аяқтайды. 1981 жылы Жданов атындағы Ленинград мемлекеттік университетінің арнайы кеңесінде «Кенді Алтай аумақтық-өндірістік кешенінің экономикалық-географиялық мәселелерінің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

1985 жылы Шерипжан Марупұлы Абай атындағы ҚазПИ-де жаратылыстану-география факультетінің Экономикалық география кафедрасына аға оқытушылыққа конкурсы бойынша қызметке алынды. 1989 жылы ҚР ҰҒА Шығыстану институтында аға ғылыми қызметкер болып еңбек етті. 1990-91 жылдары Үрімшідегі ҚХР Ғылым академиясының Синьцзян география институтында ғылыми тәжірибеден өтеді. Ол жерде қытай тілін үйренумен қатар, қытай ғалымдарымен бірлесіп Қазақстан мен КХР-дың аймақтық мәселелерін зерттеумен айналысты. Үздіксіз ғылыми еңбегінің нәтижесінде Ш.Надыров 1995 жылы Әзірбайжан Республикасы Ғылым академиясы жанындағы География институтының арнайы кеңесінде «ҚР және ҚХР-дағы ШҰАР халық шаруашылығындағы аумақтық құрылымдардың өзгеруіндегі экономикалық-географиялық мәселелер мен интеграциялық үдерістердің дамуы» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады.

Шығыстану институтында бірнеше жыл бойы экономикалық және саяси қатынастар бөлімін басқарып, директордың орынбасары қызметінде болды. Геосаясат пен халықаралық қатынастар мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізді.

1998-2000 жылдары ҚР Президентінің жанындағы Қазақ-



стан стратегиялық зерттеулер институтында экономикалық қауіпсіздік бөлімін басқарды. Осы уақыттарда Ш.Надыровтың басқаруымен ҚХР-мен байланысты дамытуда сериялық аналитикалық тізім дайындалды. Сонымен қатар бірлесіп дайындалған ғылыми жұмыстарда трансшекаралық өзендердегі (мысалы, Сырдария өзені) су-энергетикалық ресурстарды пайдалану, Қазақстан Республикасының ішкі экономикалық саяси концепциясын құру және қолдану мәселесімен айналысты.

Ш.Надыровтың ғылыми зерттеу жұмысының аумағын басты үш бағытқа бөлуге болады:

Бірінші бағыт: теориялық мәселелерде аумақты кеңістіктік ұйымдастыру, өндірістік-аумақтық даму интеграция типі және экономикада аумақтық тиімділікті көтеруді ұйымдастыру.

Екінші бағыт: ҚР аумағындағы экологиялық-экономикалық мәселелерді шешу.

Үшінші бағыт: Геосаясат, халықаралық қатынастар және аумақтық мәселелерді кеңістік тұрғысынан дамыту.

Көрнекті ғалым осы бағыттар бойынша халықаралық конгрестерде, конференцияларда, семинарларда баяндамалар жасады. Жарық көрген 250-ден аса ғылыми мақалалары мен 10 монографиясы, ЖОО-ға арналған «Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы» атты қазақ тілінде 1-бөлім, 10-сыныпқа арналған «Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» атты (орыс тілінде) еңбегі кең таралған және орнымен пайдаланылуда. Қазақ, орыс, ағылшын, француз, қытай және т.б. тілдерде көптеген мақалалары АҚШ, Үндістан, Франция, Қытай, Түркия, Ресей, Украина, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Әзірбайжан елдерінде жарық көрген.

Шерипжан Марупұлының келесі ғылыми-педагогикалық қызметі Қазақ ұлттық университетінде география факультетінің Экономикалық және

кафедрасының меңгерушісі, география факультетінің деканы қызметтерін атқарды.

Ш.Надыров дәрістер оқып, өнеркәсіптік тәжірибелерде жетекші әрі бакалаврлардың, магистранттар мен докторанттардың дипломдық жұмысына жетекшілік етеді. Оның жетекшілік етуімен бір ғылым докторы, 20 ғылым кандидаты, бір PhD докторы және 120-дан аса магистрант пен бакалаврлар диссертациялық жұмыстарын қорғады.

ҚазҰУ-да бірегей ғалым география ғылымының докторы деңгейінде Диссертациялық кеңестің төрағасы қызметін де атқарды.

Ұлағатты ұстаз халықаралық жобалардың жетекшісі және орындаушысы, сонымен қатар бірнеше ғылыми гранттарды жеңіп алып жетекшілік жасады.

2007-08 жылдар аралығында ҚазҰУ мен Экономикалық зерттеу институтының бірлескен «ҚР халқының қоныстануы және аймақтық экономикалық даму потенциалын зерттеу» тақырыбындағы жобаның жетекшісі болды. Нәтижесінде бұл жобаның негізінде «Кеңістікте аймақты ұйымдастыру және 2030 жылға дейін ҚР халқының қоныстануы» (Астана-2008, 1000 бет) атты біріккен монографиясының үш томы жарық көрді. Бұл еліміз үшін өте құнды еңбек болып табылады.

Ш.Надыров жақын және алыс шетелдердің аса көрнекті ғылыми және сарапшылар қауымдастықтарының құрметті мүшесі.

Ғылыми, педагогикалық және халықаралық сарапшы Шерипжан Марупұлының шәкірттері еліміздің барлық облыстарымен қатар, АҚШ, Германия, Ауғанстан, Чехия және Қытай елдерінде жемісті еңбек етеді. Бұл Шерипжан Марупұлының Қазақ елімен қатар, әлемдік ғылым мен білімге қосқан өте үлкен еңбегі деп білеміз.

География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ұжымы атынан шәкіртіңіз, г.ғ.к. Әлім МЫЛҚАЙДАРОВ

Құқықтық тәрбиенің маңызы зор

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу, мемлекет пен оның институттарының жастарды заң арқылы жанжалдан, қоғамды қылмыстан аулақ ұстау – өте маңызды мәселе. Жастардың криминогендік әсердің әртүрлі түрлерінен аулақ жүруін ақылмен ұйымдастыру қабілеті – қоғамның жетілуінің, тұрақтылығы мен сенімділігінің, еліміздің даму болашағының маңызды критерийлерінің бірі.

Жастар арасында қылмыстың алдын алу мәселелері өте өзекті. М.Есболатов атындағы ІІМ Алматы академиясының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің 2-курс докторанттары Ә.Әбікенов, Л.Құрманғалиева, Д.Аманова, Н.Сисенов Қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының базасында тағылым-дамадан өтіп жатыр.


Таяуда тұрақты даму мақсаттарының 16 бағытын іске асыру шеңберінде олар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің 3-курс студенттерімен кездесіп, «Жастар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу» тақырыбында дәріс оқыды. Дәріс студент жастардың арасында

қылмыстың алдын алу, одан бойды аулақ ұстау мақсатында өтті. Докторанттар қылмыстың себептері, криминогендік жағдай, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген қылмыс жасағаны үшін жазалау шаралары, азаматтардың осы санаты арасында қылмыстың алдын алудың тәсілдері туралы айтып берді. Жастар кездесуге өте риза болып, құқықтық тәрбие, қоғамға жат мінез-құлықтың алдын алу өздері үшін қаншалықты маңызды екенін атап өтті.

Марал АҚБОЛТОВА,
Қылмыстық құқық,
қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика
кафедрасының аға
оқытушысы

Азық-түлік сапасы жаңаша зерттелуде

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары азық-түлік өнімдерін талдау және тиімді «жасыл» әдістеме жасау үшін миниатюризацияланған қатты фазалы микроэкстракцияны (мини-ТФМЭ) қолдану бойынша зерттеулер жүргізуде.



Жоба жетекшісі, химия ғылымының кандидаты, PhD, қауымдастырылған профессор Мереке Әлімжанованың айтуынша, мұндай зерттеулер қазір өте өзекті. «Жаһандану дәуірінде азық-түлік қауіпсіздігі мәселесіне қызығушылық артып, ғалымдар Қазақстанда да, шетелде де азық-түлік сапасын реттеу жүйесін жетілдіру бойынша ғылыми жобалар жүргізуде. Жоба аяқталғаннан кейін ҚазҰУ ғалымдары қоғамға азық-түлік қауіпсіздігін бағалайтын заманауи жасыл әдістемелерді ұсынады», – деді жоба жетекшісі М.Әлімжанова.

Жобаны іске асырушы ғалымдардың айтуынша, негізгі идея «жасыл» әдістерді, соның ішінде миниатюризацияланған қатты фазалы микроэкстракцияны қолдана отырып, тамақ өнімдеріндегі басым лаптаушы заттарды анықтайтын заманауи әдістерін өзірлеу. Бүгінгі таңда ғалымдар ауысудағы эндокриндік деструкторларды сандық талдаудың әртүрлі әдістерін

өзірлеуде, алкогольдік және алкогольсіз сусындардағы консерванттарға талдау әдістемесі жасалып, өнімнің сапасын бағалау мақсатында қара және жасыл шайдың құрамына зерттеулер жүргізілуде. Барлық өзірлемелерде өнімнің химиялық құрамының ерекшелігіне байланысты миниатюризацияланған қатты фазалы микроэкстракция және газды хромато-масс-спектрометрия қолданылады.

Жоба аясында Web of Science және Scopus дерекқорларында келтірілген жоғары рейтингті журналдарда (Food Analytical Methods – Q1, Food Chemistry: X – Q2) ғылыми мақалалар жарияланды. Сонымен қатар жобаның практикалық міндеттерін орындау мақсатында ғылыми зерттеулер Вальядолид университетінің (Испания) профессоры Сильвия Боладомен халықаралық ынтымақтастық аясында жүрді.

Айнур АҚЫНБАЕВА

«Бәрі де майдан» повесіндегі замандастар бейнесі

Оралхан Бөкей повестерінде де сан алуан адам образдары, әсіресе сол дәуірдің негізгі қозғаушы, жасаушы, өзгертуші күші болған жастар бейнелері сомдалған. Жазушы замандас дегенде, көбіне жастарды назар тұтамыз да, солардың образымен шектелеміз. Замандас дегеніміз – бізбен бір қоғамда өмір сүріп, бір елде жасап отырған, жас шамасы әр алуан болса да, мақсат бірлігі, рухани тынысы ұқсас адамдар болуы қажет деп ой қорытады.


Оралхан Бөкей – сонау алпысыншы жылдардың орта тұсынан бастап әдебиетімізге өзіндік ерекшелігімен келіп танылған үздік таланттарымыздың бірі. Жазушы әдебиет табылдығын алғаш көркем де шағын әңгімелерімен бастаса, араға жылдар салып повеске ауысады. Жазушының повестері оқырмандардың жылы ықыласына бөленіп, оның есімі қалың оқырманға кеңінен таныла бастайды. Оның бірден-бір құпиясы жазушының ізденгіштігінде болса керек деп ойлаймыз. Ол ескі сүрлеуді таптамай, әдебиетке өзіндік үнімен, сырымен, айтар ойымен келгені, өмірді өзінше көріп тануға, өзінше бейнелеуге ұмтылысы, осы жолдағы сәтті ізденістері оның өз оқырманын тез табуына, оның жүрегінен жылы орын алуына себеп болғаны сөзсіз.

Оралхан Бөкей кейіпкерлері – оның өз замандастары. Олардың көрісі болсын, жасы болсын – бәрі де сол дәуірдің азаматтық міндеттерін белсенді түрде атқарған абзал жанды азаматтар. Жазушы солардың әрекеті, мінез-құлқы, көзқарасы арқылы өмір шындығын, оның алуан түрлі сырларын ғана ашып қоймайды, өткенімізге де ой тоқтатып қарайды, болашағымызға да көз жібереді. Жазушы адам ха-

рактерін өте шебер ашады, сол кейіпкерлердің ұғым-түсінігі, көзқарасы арқылы дәуірдің ең өзекті деген мәселелерін көтере біледі. Міне, осылайша Оралхан Бөкей повестеріне баға бергенде олардағы тақырыптың тыңдығы емес, көтерілген проблемалардың сонылығы тұрғысынан келуі қажет.

Жазушының «Біздің жақта қыс ұзақ» деген повестер жинағы «Бәрі де майдан» повесімен ашылады. Повесть сол кезеңдегі өзекті мәселені алға тартады. Шығармада бір-біріне қарама-қарсы екі кейіпкер бар. Бірі майдангер, Отан соғысының мүгедегі, ауыл-аймаққа беймаза, маскүнемдігі тағы бар Құмырай да, екіншісі – еңбек ардагері, еңбекшіл, адал да абзал жан Ақан.

Повестің қысқаша сюжетіне тоқталғанды жөн көрдік. Жүлдіз ауылы Жеңістің отыз жылдығын тойлағалы жатқанда Ақан қарт ертемен шығып, қасқа биесін ерттеп аттанып кетеді. Оның қайда кеткенін, неге кеткенін сұрастырған да, керек еткен де ешкім болмапты. Тек кешке қарай шалының әлденеге ренжулі екенін Алма кемпір ғана байқаған. Бірақ әр нәрсені сұрап, Ақанды мазалап көрмеген әдетімен үнсіз қалған. Жалғыз-ақ шалының ел болып жиналған жерден бөлініп кетпейтінін, тек қаңқу сөз-



ден ғана қашқақтайтынын білетін ол Ақанның бір нәрсеге қырсығып, өкпелеп кеткенін сезеді. Шынында да, Ақан өкпелеп кетіпті. Аудан басшылары Жеңіс тойын тойлауға соғысқа қатысқандарды ғана шақырыпты, Ақанға шақыру жібермеді. Оның үстіне Құмырайды шақыруға келген бала Ақанға бәрін де айтып береді. Ақан ойға қалады. Үлкен тойға шақырылмайтындай жазығы неде? Кінәсі майданға бармағаны ма? Оны майданға емес, еңбек армиясына жұмыс істеуге жіберген өкіметтің өзі ғой. Ол осындай қиын-қыстау жағдайда аянбай тер төккен жоқ па еді? Аурулығына қарамай, еңбек озаты атанды. Партия қатарына кірді. Жұмысқа қыры жоқ Құмырай сияқты жалқауларды майданға жіберіп, мұны 1946 жылға дейін босатпады. «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деп еңбек етті. Өкінішке қарай, осыны бағалаған ешкім жоқ. Сол кездің өзінде трудармияны киноға түсірген бір адам көрмеді, «газеттенбіз» деп бір журналист келмеді. Ал бүгін жұрт назары

түгелдей майдангер-жауынгерлерге ғана ауған.

Повестегі үлгі боларлық жарқын образ, сонымен бірге аса күрделі образ – Ақан. Ақан – жасынан еңбекпен өскен, саналы өмірін жалтақсыз, бұлтақсыз, адал өткізген адам. Намысын ешкімге бермейтін, басқаға қиянаты жоқ жан. Бүгін де ұлғайған жасына қарамай, шағын шаруасын жып-жинақы етіп, дөңгелетіп ұстайды. Науқастығы себепті өкімет дайындаған шағын зейнетақысын тәуір болған соң алудан бас тартып, еңбекке қайта араласты, ауыл малшыларына газет тасиды. Қатардан қалып отырып қалғысы келмейді.

Повесте жазушы, негізінен, Ақанның соғыс кезіндегі еңбегіне көбірек көңіл аударады. Кейіпкер образын аша түсетін тұстар да осы еңбек армиясындағы күндер. Соғыстың төрт жылын ол Орал тауы маңында еңбек армиясында өткізеді. Жазушы кейіпкер Ақанның естеліктері арқылы Ұлы Отан соғысы кезінде майданға қару дайындасқан көпшіліктің адам айтқысыз ауырт-

пашылық жағдайында жасаған ұлы еңбегін суреттейді. Повестьте Ақан: «Біздер, еңбек армиясында болғандар, жаумен мылтықсыз шайқастық, әрине, өлім-жітім аз болды. Сондықтан да қадірсіз болдық», – дейді. «Дене жарасынан жүрек жарасы әлдеқайда ауыр дегенді ширек ғасырдан бері Құмырайға түсіндіре алмай-ақ келемін... Қайтейін, тағдырдың жазуы шығар», – деген ой-пікірі сол заманның шындық көрінісі.

Жазушы шығармаларында замандастар бейнесін көркемдік тұрғыда бейнелей отырып, адамды ардақтау, оның еңбегін бағалау туралы ұлы идеяны уағыздайды. Повестегі негізгі кейіпкерлер – Ақан, Алма, тіпті Құмырай бейнелері де шыншылдығымен, нанымдылығымен есімізде ұзақ сақталатын, ойымызға ой қосатын жанды образдар. Құмырай типіндегі адамдар қазіргі жастар арасында жоқ деп айта алмаймыз, повестегі образдардың өміршеңдігін тағы да дәлелдей түскен боламыз.

Сондай-ақ кешегі майдангерлер, бүгінгі қарттар – Ақан, Алма, тіпті маскүнем Құмырай бейнесі де бізге бейтаныс емес. Олар біздің кез келген ауылымызда, көшемізде өмір сүріп жатқан заманы бір жерлестеріміз.

Қорыта айтқанда, Оралхан Бөкей повестері сол кезеңнің өзекті мәселелерін көтеріп, соларды өз замандастарының образдары арқылы шешіп бере алған маңызды туындылар дейміз.

Болатхан САРБАСОВ,
филология ғылымының
кандидаты, профессор м.а.

Көшпелілер өркениетінің ерекшелігі зерттелуде

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Орталық Азия көшпелілерінің дәстүрлі өркениеттерін зерттеу» ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдары көшпелі халықтардың этникалық мәдениетіндегі символдар мен атрибуттардың тарихы мен семантикасы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Орталық ғалымдары «Халық тарих толқынында», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында Орталық Азияның көшпелі халықтарының этногенезі, тарихы мен мәдениетінің концептуалды мәселелерін әзірлеуде. Олар қол жеткізген ғылыми тұжырымдар мен нәтижелерге сүйене отырып, бірнеше ғасыр бойы бір өркениетті кеңістікте қалыптасқан түркі халықтарының тарихи және этномәдени тамырларының бірлігін негіздеу бойынша жаңа

ғылыми көзқарасын ұсынып отыр.

Ғалымдар классикалық жазба деректермен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерінің кең көлеміне деректанулық талдау жасап, көшпелілер тарихындағы этногеосимволиканың мәні мен олардың социомәдени кеңістікті модельдеу үлгілерінің ерекшеліктерін зерттеуде. Тарихшылар мен этнографтар, археологтар мен лингвистер тобынан құралған зерттеу тобы қазақ жерінен қазіргі Түркия Республикасының аумағына дейінгі ұлан-байтақ аумақтағы



Алаша хан кесенесі мінберіне шығар есіктің жоғары тұсына қалаған кірпіштегі бөрінің ізі.

* Осындай бөрінің ізі түскен тұмар-кірпіш алтынордалық Сарайшықтан, ортағасырлық Көктам қаласынан табылған. Бөрі ізді кірпіш қала тұмары ретінде қызмет еткен.

кейбір археознографиялық мұраларымыздағы символдар мен атрибуттарға тарихи салыстырмалы талдау жасауда.

